



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы Білім мен тәжірибе алмасудың бірлескен бағдарламасы бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға қосымша келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 1025 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы Білім мен тәжірибе алмасудың бірлескен бағдарламасы бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға қосымша келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Руслан Ерболатұлы Дәленовке Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы Білім мен тәжірибе алмасудың бірлескен бағдарламасы бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға қосымша келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 1025 қаулысымен
мақұлданған

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Азия Даму Банкі арасындағы Білім мен тәжірибе алмасудың бірлескен бағдарламасы бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға қосымша келісім

2013 жылғы 18 маусымда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі – Үкімет) мен Азия Даму Банкі (бұдан әрі – АДБ) – бұдан әрі "Тараптар" арасындағы Білім мен тәжірибе алмасудың бірлескен бағдарламасы бойынша (бұдан әрі – БТАБ) өзара түсіністік туралы меморандумға (бұдан әрі – Меморандум), сондай-ақ 2015 жылғы 25 сәуірде және 2017 жылғы 26 желтоқсанда қол қойылған Қосымша келісімдер арқылы Тараптар меморандумға енгізген өзгерістер мен толықтыруларға сілтеме жасай отырып;

Тараптар 2013 жылғы 18 маусымдағы Меморандумға және оған 2015 жылғы 25 сәуірдегі және 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қосымша келісімдерге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізуге келісті:

1. 3.4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Техникалық тапсырманы бенефициар бекітілген өтінімге сәйкес әзірлейді және өтінім мақұлданғаннан кейін 40 күнтізбелік күн ішінде келіседі. Орындалмаған жағдайда, бекітілген өтінім қаражаты БТАБ шеңберіндегі басқа іс-шараларға қайта бөлінетін болады";

3.8-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Бенефициардың қорытынды есепті келісуі қарауға ресми енгізілген кезден бастап 30 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады. Белгіленген уақыт кезеңі ішінде бенефициардан кері байланыс немесе ақпарат болмаған жағдайда бенефициар жобаның нәтижелерін қанағаттанарлық деп қабылдаған болып есептеледі.";

3.10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3.10. 2013 – 2014 жылдары БТАБ шеңберіндегі әлеуметтік-экономикалық зерттеулерді Тараптар тең үлеспен қаржыландыратын болады. 2015 – 2020 жылдары БТАБ шеңберінде Үкімет 4000000 АҚШ долл. және АДБ 3340000 АҚШ долл. сомасында қаражат бөледі. 2019 – 2020 жылдары БТАБ шеңберіндегі әлеуметтік-экономикалық зерттеулерді Тараптар тең үлеспен қаржыландыратын болады.

Аталған қаражат әлеуметтік-экономикалық зерттеулерді іске асыруға, сондай-ақ Тараптардың келісуі бойынша Негіздемелік келісімді іске асыру шеңберіндегі жобаларды дайындауға бағытталады. Игерілмеген қаражат келесі жылға жіберілетін болады.

Меморандумның қолданылу мерзімінің өту күніне пайдаланылмаған қаражат болған жағдайда, оларды БТАБ шеңберіндегі зерттеулерді және жобаларды іске асыруға толық пайдалану бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі мен АДБ арасында хат алмасу арқылы жүргізіледі.

Жарна	Үкімет (АҚШ долл.)			АДБ (АҚШ долл.)			Барлық БТАБ (АҚШ долл.)		
	ӘӘЗ	ЖД	Жиыны	ӘӘЗ	ЖД	Жиыны	ӘӘЗ	ЖД	Жиыны
2013-2014	250,000	-	250,000	250,000	-	250,000	500,000	-	500,000
2015-2016	1,000,000	1,500,000	2,500,000	500,000	840,000	1,340,000	1,500,000	2,340,000	3,840,000
2017-2018	500,000	-	500,000	1,000,000	-	1,000,000	1,050,000	-	1,500,000
2019-2020	1,000,000	-	1,000,000	1,000,000	-	1,000,000	2,000,000	-	2,000,000
Барлығы	2,750,000	1,500,000	4,250,000	2,750,000	840,000	3,590,000	5,500,000	2,340,000	7,840,000

";

;

Ескертпе: ЭЭЗ = экономикалық және әлеуметтік зерттеулер; ЖД = жобаларды дайындау

5.3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5.3. Осы Меморандум Тараптардың екеуі де қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданыста болады. Осы Меморандумға қатысты Тараптар арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар дауды бейбіт түрде шешуге қол жеткізу үшін тиісті шаралар қабылдайды."

2. Осы Қосымша келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Тараптар Қосымша келісімге 2019 жылғы " " _____ Нұр-Сұлтан қаласында қазақ , ағылшын және орыс тілінде екі төлнұсқа данада қол қойды. Даулар немесе әртүрлі оқылуы туындаған жағдайда, ағылшын тіліндегі нұсқасының басым күші болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Азия Даму Банкі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК